

Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 12 наурыздағы № 57 "Түркістан облысының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізе отырып , карантиндік аймақ белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 12 ақпандағы № 39 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 15 ақпанда № 6064 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 18 наурыздағы № 56 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 18.03.2024 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 9-1 бабының 3 тармақшасына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 12 наурыздағы № 57 "Түркістан облысының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізе отырып , карантиндік аймақ белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5475 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 18 наурызда жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының "Түркістан облысының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізілетін аймақ" деген қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ұ.Қ.Тәжібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі
 Ә.Е. Тұрғымбеков
 С.А. Қалқаманов
 М.И. Мырзалиев
 А.С. Сәбитов
 Ұ.Қ. Тәжібаев
 А.А. Абдуллаев
 А.Б. Тасыбаев

Ө. Шөкеев

"Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 12 наурыздағы № 57 "Түркістан облысының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізе отырып, карантиндік аймақ белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы Түркістан облысы әкімдігінің 2021 жылғы "___" _____ № _____ қаулысына

Түркістан облысы әкімдігінің
 2021 жылғы "12" ақпандағы
 № 39 қаулысына қосымша
 Түркістан облысы әкімдігінің
 2020 жылғы "12" наурыздағы
 № 57 қаулысына қосымша

Түркістан облысының ауыл шаруашылығы алқаптарында карантиндік режим енгізілетін аймақ

№	Аудан, қала атауы	Карантинді объектілер атауы						
		Зиянкестер				Аурулар	Арамшөптер	
		Шығыс жеміс жемірі, га	Калифорния қалқаншасымыры, га	Оңтүстік Америкалық қызанақ күйесі, га	Қауын шыбыны, га	Жемісті ағаштардың бактериялық күйігі, га	Жатаған у кекіре, га	Арамсою, га
1	Арыс	-	-	-	552	-	669	50
2	Кентау	-	-	-	177	-	0,26	0,44
3	Бәйдібек	-	-	-	-	-	85,96	5
4	Қазығұрт	-	-	-	-	-	245,65	36,86
5	Жетісай	-	-	-	569	-	-	2,4
6	Мақтаарал	-	-	-	821	-	-	0,4
7	Ордабасы	-	-	2	-	-	300	21
8	Отырар	-	-	-	322	-	40	5,65
9	Сайрам	-	-	-	-	2,8	-	10,03
10	Сарыағаш	-	-	8,29	-	-	228,7	34,25
11	Созақ	-	-	-	-	-	102	-
12	Келес	-	-	1,78	36	-	35	40,073
13	Төлеби	39	23	5	-	1	4,68	79,25
14	Түлкібас	-	-	-	-	-	91	3,5
15	Шардара	-	-	-	167	-	1920	60

Жиыны:	39	23	17,07	2644	3,8	3722,25	348,853
--------	----	----	-------	------	-----	---------	---------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК